

ЖШС «Бөбек KIDS»
БИН 220640009436
БҚО, Орал қ.,
Отаралы Бүркітов, 1
87078845241



«БӨБЕК KIDS» жеке бөбекжай

ТОО «Бөбек KIDS»
БИН 220640009436
ЗКО, г.Уральск
Отаралы Бүркітов, 1
87078845241

БҰЙРЫҚ

№ 3 Оталық 2023 ж

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамын бекіту туралы

2019 жылдың 27 желтоқсандағы №293-VI Қазақстан Республикасының Заңының 16 бабы «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 жылғы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығын негізге ала отырып :

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Бөбек kids» жеке бөбекжайында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтау мәселесін қарайтын алқалы орган ретінде төмендегідей құрамда комиссия мүшелері жасақталсын.

1. Айткалиева.Ә.М.- №37 «жұлдыз-ай» бөбекжай меңгерушісі
2. Иксанова Д.Х. -№9 «Еркемай» бөбекжайының меңгерушісі
3. Мамаева.А - №40 «Болашақ» бөбекжайының меңгерушісі
4. Р.Искакова- тәрбиеші
5. Ж.Тлегенова – тәрбиеші
6. Д.Хайрушева - №30 «Гулдер» бөбекжайының саз жетекшісі
7. А.Әубекер - «Бөбек kids» жеке бөбекжайының әдіскері

2. Кеңестің өкілеттік мерзімі 2023 жылдан 2026 жылға дейін;

Осы бұйрықтың орындауын өзіме қалдырамын.

«Бөбек kids» жеке бөбекжай
меңгерушісі



М.Айткалиева

Бекіткен
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
менгерушісі С.М.Айтқалиева



**«Бөбек kids» жеке бөбекжайының 2023-2024 оқу жылына арналған
Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары**

№	Іс- шара	Өткізетін уақыты	Жауаптылар
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы Күн тәртібінде 1. Бөбекжай қызметкерлер арасында әдеп кодексімен таныстыру туралы бөбекжай бойынша бұйрықпен танысу 2. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	Қыркүйек	Менгеруші
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы Күн тәртібінде 1. Педагогтердің құқықтары 2. Педагогтердің көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары	Ақпан	Әдіскер, барлық педагогтер
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы Күн тәртібінде 1. Педагог бейнесі. Педагог мамандардың кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. 2. Педагогтердің әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.	Сәуір	Барлық педагогтер

**Педагогикалық әдеп отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізу күні: 2023 ж. 8 қыркүйек, сағ. 10:00

Өткізілген орны: “Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар:

1. Айткалиева Г.М– меңгеруші
2. Әубекер А.Н – әдіскер
3. Барлық тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. Бөбекжай қызметкерлерін Әдеп кодексімен таныстыру туралы бөбекжай бұйрығымен танысу
2. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Меңгеруші Айткалиева Г.М. сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлеріне қойылатын әдеп нормалары туралы айтып өтті. Сонымен қатар бөбекжайдың Педагогикалық әдеп кодексін бекіту туралы бұйрығымен таныстырып, әрбір педагог қызметтік міндетін адал атқаруға, ата-аналармен, әріптестермен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста әдеп қағидаларын сақтауға міндетті екенін атап өтті.


Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер Әубекер А.Н. педагогтің кәсіби мәдениеті мен сөйлеу әдебінің маңыздылығына тоқталды. Педагогтің сөз мәдениеті, дауыс ырғағы, балалармен және ата-аналармен сыпайы, құрметке негізделген қарым-қатынас орнатуы білім беру үдерісінің сапасына тікелей әсер ететіні айтылды. Сондай-ақ қызметтік этиканы сақтау, әлеуметтік желілерде педагогтің мәдениетті мінез-құлық көрсетуі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қаулы:

1. Бөбекжайдың барлық педагог қызметкерлері Педагогикалық әдеп кодексінің талаптарын қатаң басшылыққа алсын.
2. Педагогтер күнделікті жұмыс барысында сөйлеу мәдениетін, қызметтік әдепті және кәсіби этиканы сақтасын.
3. Ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста сыпайылық, өзара құрмет және педагогикалық әдеп қағидалары тұрақты түрде сақталсын.
4. Әдіскер тарапынан педагогикалық әдептің сақталуына жүйелі түрде бақылау жүргізілсін.

Төраға



Г.М.Айткалиева

Хатшы

А.Н.Әубекер

**Педагогикалық әдеп отырысының
№2 хаттамасы**

Өткізу күні: 2024 ж. 9 ақпан, сағ. 10:00

Өткізілген орны: “Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Айткалиева Г.М.– меңгеруші, Өубекер А.Н – әдіскер, Барлық тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. Педагогтердің құқықтары
2. Педагогтердің көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер Өубекер А.Н. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес педагогтердің құқықтары туралы баяндама жасады. Педагогтердің кәсіби қызметін еркін жүзеге асыруға, ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына, біліктілігін арттыруға және қауіпсіз еңбек жағдайында жұмыс істеуге құқықтары бар екендігі түсіндірілді. Сонымен қатар педагогтердің құқықтарын сақтау білім беру ұйымының негізгі міндеттерінің бірі екені атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша:

Меңгеруші Айткалиева Г.М. педагогтердің көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормаларын сақтау туралы сөз сөйледі. Қызметтік және қоғамдық ортада педагогтің мінез-құлқы, сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, әлеуметтік желілердегі жауапкершілігі және ата-аналармен, әріптестермен сыпайы қарым-қатынас жасауы педагог беделін қалыптастыратыны айтылды. Әдеп қағидаларын сақтау – әр педагогтің кәсіби міндеті екені ерекше атап өтілді.

Қаулы:

1. Педагогтердің құқықтарының сақталуын камтамасыз ету жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
2. Педагогтер қоғамдық орындарда және әлеуметтік желілерде педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтасын.
3. Ұжымда өзара сыйластық пен кәсіби қарым-қатынас мәдениетін нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
4. Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына әдіскер тарапынан тұрақты бақылау жүргізілсін.

Төраға:  Айткалиева Г.М.

Хатшы:  Өубекер А.Н.

**Педагогикалық әдеп отырысының
№3 хаттамасы**

Өткізу күні: 2024 ж. 12 сәуір, сағ. 10:00

Өткізілген орны: “Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Айткалиева Г.М.– меңгеруші, Әубекер А.Н – әдіскер, Барлық тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. Педагог бейнесі. Педагог мамандардың кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
2. Педагогтердің әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:


Меңгеруші Айткалиева Г.М. педагогтің кәсіби бейнесі – оның білімділігімен қатар сыртқы келбеті, ұқыптылығы, өзін-өзі ұстау мәдениеті және қызметтік әдебі арқылы қалыптасатынын атап өтті. Педагогтің киім үлгісі іскерлік стильге сай, жинақы әрі ұқыпты болуы, жұмыс барысында балаларға үлгі болатындай мәдениетті мінез-құлық көрсетуі қажет екендігі түсіндірілді.


Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер Әубекер А.Н. педагогтердің әлеуметтік желілерде және қоғамдық орындарда ұстанатын әдеп-этикалық талаптары туралы баяндама жасады. Әлеуметтік желілерде жарияланатын ақпараттың педагог мәртебесіне сай болуы, қызметтік беделге нұқсан келтіретін жарияланымдардан аулақ болу, әріптестерге, ата-аналарға және қоғамға құрметпен қарау қажеттігі айтылды. Сонымен қатар қоғамдық орындарда педагогтің мәдениетті мінез-құлқы мен сөйлеу әдебі әрдайым сақталуы тиіс екені ескертілді.

Қаулы:

1. Педагогтер қызметтік міндеттерін орындау барысында белгіленген киім үлгісін, ұқыптылық пен кәсіби мәдениетті сақтасын.
2. Әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде педагогикалық әдеп қағидаларын және қызметтік этиканы қатаң ұстансын.
3. Қоғамдық орындарда педагогтің кәсіби беделіне сай мәдениетті мінез-құлық пен сөйлеу әдебін сақтау тұрақты бақылауда болсын.
4. Әдіскер тарапынан педагогтердің кәсіби әдеп талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Төраға:  Айткалиева Г.М.

Хатшы:  Әубекер А.Н.